

## Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 24 маусым N 717. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.08. N 851 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғылымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1994 жылғы 9-ақпандағы N 1556 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қосылған Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жыл сайын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетін қалыптастыру кезінде мемлекеттік ғылыми стипендияларды төлеу үшін қаражат көз десін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 24 маусымдағы  
N 717 қаулысымен  
Бекітілген

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы  
Ереже

1. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғылымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1994 жылғы 9-ақпандағы N 1556 Жарлығымен тағайындалған және Қазақстан Республикасының аса көрнекті зерттеушілері мен талантты жас ғалымдарына мақсатты қаржылай қолдау көрсетуге арналған.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар мыналардан тұрады:

- аса көрнекті зерттеушілерге арналған әрқайсысы 10 жалақы мөлшеріндегі 50 стипендия.

- жас ғалымдарға арналған әрқайсысы ең төменгі 7 жалақы мөлшеріндегі 50 стипендия.

2. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының қаулысымен 3 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

3. Аса көрнекті зерттеушілерге арналған мемлекеттік ғылыми стипендияларға еңбектері Қазақстан Республикасында және шет елдерде танымал болған, көкейкесті ірі ғылыми проблеманың шешілуін жүзеге асырған және ғылымның басым бағыттарында негіздік және қолданбалы зерттеулерді белсенді жүргізіп жатқан ғалымдар ұсынылады.

4. Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияларға ғылыми зерттеулердің нәтижесі еліміздің ғылыми қауымына танымал болған, ғылыми және қолданбалы маңызы бар проблемаларды шешу бойынша белсенді ғылыми зерттеулер жүргізіп жатқан жасы 35-тен аспайтын адамдар ұсынылады.

5. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар көкейкесті ғылыми немесе халық шаруашылық маңызы бар, тиісті білім салаларында Қазақстан Республикасының басымдығын қамтамасыз ететін, ірі ғылыми проблемаларды немесе міндеттерді шешуге бағытталған өзіндік ғылыми зерттеушілік бағдарламасы бар осы стипендияға ұсынылған ғалымдарға конкурстық негізде тағайындалады.

6. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар ғалымдарға негізгі жұмыс орнында белгіленген жалақысынан, зейнетақысынан, стипендиясынан, әртүрлі қосымша төлемдер мен үстемеақылардан тыс төленеді.

7. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар мемлекеттік бюджеттен академияның толық мүшесі және корреспондент мүшесі атақтары үшін қосымша төлемдер алатын академия мүшелеріне тағайындалмайды.

8. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар орынның босауына қарай оған ұсынушыларға конкурстық негізде тағайындалады.

9. Қазақстан Республикасының ұлттық Ғылым академиясы Төралқасының Мемлекеттік ғылыми стипендиялар тағайындауға конкурс өткізу туралы шешімі оны өткізерден екі ай бұрын республикалық баспасөзде жарияланады.

10. Мемлекеттік ғылыми стипендияларға кандидаттар ұсыну құқығы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүшелеріне, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының, ғылыми қызметпен шұғылданатын министрліктердің, ведомстволардың немесе басқа ұйымдардың ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестеріне беріледі. Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестер құпия дауыс беру арқылы кәдімгі көпшілік дауыспен ұсыныс туралы дәлелді шешім қабылдайды.

11. Мемлекеттік ғылыми стипендияға ұсынылатын құжаттарды ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы белгілейді.

12. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға ұсынылған материалдарды

сараптамадан өткізу мен кандидаттарды анықтауды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының бөлімшелері жанындағы сарапшылық кеңестер жүзеге асырады. Сарапшылық кеңестер конкурстық негізде мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға ұсынылатын кандидаттарды анықтап, олардың тізімін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының бекітуіне е н г і з е д і .

13. Мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалған стипендия алушылар тізімі баспасөзде жарияланады.

14. Стипендия алушылар жыл сайын атқарған жұмыстары туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының бөлімшелері жанындағы сарапшылық кеңестерге есеп беріп отырады. Сарапшылық кеңестегі талқылау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Төралқасына стипендия алушыға мемлекеттік ғылыми стипендия төлеу мерзімін ұзарту немесе оны төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс береді.